

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ  
БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
«ЛЕКЕР ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ  
БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ЛЕКЕРСКАЯ ОСНОВНАЯ  
ОЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
БАЯНАУЛЬСКОГО РАЙОНА  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

[Leker\\_1982@mail.ru](mailto:Leker_1982@mail.ru)

Жаяу Мұса Байжанова 2В

## БҰЙРЫҚ № 10А

«30» қыркүйек 2025 жыл

Лекер ауылы

### «Ыстық тамақты ұйымдастыру туралы»

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және де өзге санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы, ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы және 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығының 3-тарауының 64, 65 – тармақтарына, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық - эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «Үлгілік перспективалық мектеп мәзірін бекіту туралы №135 НК бұйрығы, Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасының 2025 жылғы 24 шілдедегі №437-ө бұйрығы және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №508 бұйрығы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің 2025 жылғы 30 қыркүйек №603-н бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.1-4 сынып оқушыларына және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде 5-9 сыныптардың аз қамтылған отбасы балаларына бір мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

2. Перспективалық төрт апталық маусымдық мәзір осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Мектеп оқушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтануды ұйымдастыру мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №16 бұйрығына сай тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасын бағалау журналын, тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналын, ас блогы қызметкерлерін тексеріп қарау журналын жүргізу мектеп медбикесі Н.Б.Амирбековаға жүктелсін.

4. Оқушыларды қауіпсіз тамақтандырумен қамтамасыз ету мақсатында мектептің асхана қызметкерлерінің тиісті медициналық тексерістен уақытылы өтуі қадағалансын.

5.Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар «Әлеуметтік әмиянға» тіркелуін бақылау мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Д.Назымбековаға жүктелсін.

6.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына сай ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізетін комиссия құрылып, жоспары жасақталсын.

7. Мектептің ыстық тамақ ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары жасақталып, іс-шаралардың уақытылы өткізілуін қадағалау тәрбие ісінің меңгерушісі А.М.Намазоваға жүктелсін.

8.Оқушылар сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілсін, жауапты мектеп медбикесі Н.Б.Амирбековаға жүктелсін.

9.Барлық тағам өнімдерін сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттармен қамтамасыз етілуі бақылауға алынсын.


10.Мектепте дұрыс тамақтану бойынша насихаттау жұмыстары күшейтілсін.

11. Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру туралы есеп әр айдың 10-на дейін Баянауыл ауданы білім бөліміне тапсырылсын.

12.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп басшысы:  Д.Е.Садыкова

Бұйрықпен таныстым:

  
Н.Б.Амирбекова  
Ж.Д.Назымбекова  
А.М.Намазова

«30» қыркүйек 2025 жыл

Баянауыл ауылы

**БҰЙРЫҚ № 603 -и**

**Білім беру ұйымдарында ыстық  
тамақты ұйымдастыру туралы**

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы және 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығының 3-тарауының 64, 65-тармақтарына, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «Үлгілік перспективалық мектеп мәзірін бекіту туралы №135-НК бұйрығы, Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасының 2025 жылғы 24 шілдедегі №437-ө бұйрығы және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының 1-4 сынып оқушыларына және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде 5-11 сыныптардың аз қамтылған отбасы балаларына бір мезгіл ыстық тамақты барлық білім беру ұйымдарында ұйымдастырылсын.

2. Перспективалық төрт апталық маусымдық мәзір осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Мектеп оқушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтануды ұйымдастыру мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №16 бұйрығына сай тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасын бағалау журналын, тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылайфабрикаттардың бракераж журналын, ас блогы қызметкерлерін тексеріп қарау журналын жүргізуге бұйрық негізінде жауапты адамды тағайындап, балалардың тамақтануының ұйымдастырылуына мектеп директорлары бақылау жүргізісін.

4. Оқушыларды қауіпсіз тамақтандырумен қамтамасыз ету мақсатында мектептің асхана қызметкерлерінің тиісті медициналық тексерістен уақытылы өтуі қадағалансын.

5. Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар «Әлеуметтік әмиянға» тіркелуін мектеп басшылары қадағаласын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында бідім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына сай ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізетін комиссия құрылып, жұмыс жоспары жасақталсын.

7. Мектептің ыстық тамақ ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары жасақталып, іс-шаралары уақытылы өткізілсін.

8. Оқушылар сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілсін, жауапты қызметкер бұйрық негізінде тағайындалсын.

9. Барлық тағам өнімдерін сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттармен қамтамасыз етілуі бақылауға алынсын.

10. Мектептерде дұрыс тамақтану бойынша насихаттау жұмыстары күшейтілсін.

11. Мектептерге ыстық тамақты ұйымдастыру туралы есеп әр айдың 10-на дейін тапсырылсын.

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Білім беру бөлімінің басшысы



Т. Ахаев

Бұйрықпен танысты: